



Салалық білімнің негізгі міндеті – теория мен практиканы нақты үйестіру

Қазіргі таңда еліміздің мұнайгаз саласындағы еңбек нарығы ашық және дамыған, қызмет ететін мамандарға қойылатын талаптар халықаралық стандарттарға бағытталған. Қазақстан халқының мұнайгаз туралы білімі қазір шетелдіктерден кем түспейді. «Мұнайгаз ісі» мамандығының бейінді 16 ЖОО-ның түлектерінің көп үлесі халықаралық компанияларға жұмысқа орналастырылуда, мамандарға сұраныс жоғары.

Білім мен ғылым кез келген мемлекеттің даму, өркендеу көрсеткіші. Сондықтан да Тәуелсіз Ел атанған алғашқы күннен бастап білім, ғылым саласын әлемдік өркениет талаптарына сай сапалық жағынан жақсарту мақсатын қойды. Бүгінде осы талап биігінен көрініп, елімізде білім, ғылым салалары айрықша даму жолына түсті.

Еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бастап білім беруді басқару мен қаржыландырудың құқықтық - заңнамалық негізі, әлемдік білім кеңістігіне интеграцияланған Қазақстандық білім беру жүйесі бірнеше кезеңмен қалыптасты. Ол кезеңдерді 1991-1994 жж. – білім беру саласының заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру кезеңі десек, 1995-1998 жж. – білім беру жүйесін және оның мазмұнын жаңартуға күш салынды. Ал 1999 – 2004 жж. – білім беруді басқару мен қаржыландыру, білім беру ұйымдарына академиялық еркіндік беру мәселелеріне көңіл бөлінді, 2005-2010 жж. – білім беру жүйесі нарықтық экономикаға бейімделді. 2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін – жаңа кезең, инновациялық дамуға бейімделген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың ұлттық моделі қалыптасты.

Қазақстанның Болон процесіне жедел кіру нәтижесінде еліміз үш деңгейлі модельге енді: бакалав-

риат – магистратура - PhD докторантура. Жалпы, Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту арқыды, елімізде халықаралық озық тәжірибеге негізделген білім беру бағдарламаларын енгізуге мүмкіндік алдық. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі әлем бойынша жаһандану үрдісіне көшуде. Сондықтан білім беру жүйесі әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуда, қазіргі уақытта мемлекеттің экономикалық жетістіктері білім беру жүйесімен, азаматтардың білімділігімен, мамандардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ТОП-500 ЖОО-ға кіреді.

Алыс және жақын шет елдің салалық университеттері сияқты жоғары білім деңгейін қамтамасыз етеді. Біз барлық мұнайгаз компанияларымен, соның ішінде шетелдік компаниялармен ынтымақтасамыз.

Мұнайгаз саласы қауіпті және технологиялық жағынан күрделі өндіріс болып табылады. Мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету қажет, ол арнайы бағдарламалық кешендермен, тренажерларда жұмыс істеуге дағдыланумен жүзеге асырылады, сондықтан негізгі білім онлайн режимде өтпейді.

Республикамыза ондаған жылдар бойы мұнайгаз саласындағы жетекші жоғары оқу орындарындағы дайындық жүйесі әлемдегі ең үздіктердің бірі болып саналды. Біздің мамандық түлектерін барлық континенттерде және көптеген ірі жобаларда кездестіруге болады.

Салалық білім берудегі басты міндет - теория мен практиканың нақты тепе-теңдігін табу.

Жақында еліміздің ірі мұнай компаниялары мамандандырылған мұнайгаз университеттерімен бірлесіп, едәуір білім көрсеткіштері жоғары

студенттерді нүктелік мамандандыру жүйесін жасады. Бұл 2-3 курс студенттерін іріктеу, әр студентке нақты мамандандыруды анықтау, мамандандыруға сәйкес белгілі бір пәндер мен оқу курстарын әзірлеу, соңғы курста студенттерді өндіріске практикаға шығару. Университетті бітірген кезде бұл студенттер бірінші күннен бастап тиімді жұмыс істеуге жақсы дайындалған болады. Кейбір компаниялар осындай бағдарламалардың бөлігі ретінде студенттердің оқу ақысын ішінара немесе толығымен компанияға жұмысқа орналасу кепілдігімен алады. «Мұнайгаз ісі» кафедрасының білім беру жүйесінің мықты тұсы - іргелі білімді беру. Бітіруші түлектеріміз теориялық дайындығы өрқашан өте жоғары деңгейде болды және болып қала береді. Әлсіз байланыс – практиканың болмауы. Батыс елдерінде білім беру басқа бағытта негізделген. Іргелі білім үстірт беріледі, бірақ есептерді шешудің «кейс» тәсілі студенттерге стандартты жағдайларда практиканы толықтыруға мүмкіндік береді. Қазір білім берудегі басты міндет - теория мен практиканың дұрыс тепе-теңдігін табу.

Қортындылай келе, жаңа ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолдана отырып, инновациялық тәсілдер негізінде дайындалған кадрлар екенін; сондай-ақ online, виртуалды оқыту, қашықтықтан білім беру, өмір бойы оқыту және қайта даярлау сияқты білім берудің озық әдістері біздің білім беру жүйеміздің мазмұнын да, сапасын да өзгерттеді. Бұл елімізге алғашқы 50 мемлекеттің арасында лайықты орын алып, әлемдік қоғамдастық арасында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

т.ғ.к., профессор Бимбетова Г.Ж.
PhD, доцент Боташев Е.Т.
Магистр аға оқытушы
Бесбаева Н.А